

**Хаттама №1**

Тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша кеңес отырысы

**Қатысты:** 16 әлеуметтік педагогтар

12 қызмет көрсетуші.

**Қатыспайды:** 23 педагог

7 қызмет көрсетуші.

**Күн тәртібінде**

1. 4 апталық перспективтік ас мәзіріне өзгертулер енгізу.
2. Конкурсты жариялау бойынша жұмыс жайлы сұрақтар.
3. Өртүрлі мәселелер бойынша сұрақтар.

Күн тәртібінде бірінші мәселе бойынша «Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің» басшысы Искаков С.А сөз алды. Басшы төрт апталық ас мәзірді Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 Қаулысы, 15 қосымшасына және "Денсаулық сақтау және білім беру ұйымдарында тамақтану стандарттары бекіту туралы" ҚР-ның 2020 жылғы 22 желтоқсанындағы № ҚР ДСМ-302/2020 бұйрығы негізінде жасалу керек екенін ескертті. Қызмет көрсетушілердің бекітілген 4 апталық ас мәзіріне өзгертулер енгізу жайлы ұсыныстарын жаппай біліммен қамту әдіскері Руспекова А.С –на тапсырды. Екінші болып жаппай біліммен қамту әдіскері Руспекова А.С сөз сөйледі. Әдіскер Қазақ тамақтану академиясының тамақтану мәселелері институтымен бекітілген перспективтік 4 апталық Астана қаласының ас мәзірін ұсынды, себебі ас мәзірі барлық ережелерге сәйкес келеді. Мәзір таңғы және түскі ас негізінде бөлінеді, (11:00-ге дейінгі тағамдар, сүт пен май қосылған ботқа, крокет печеньеі, лимон суығы. 11:00 – деп бастап ет қосылған көкөніс бұқтырмасы, қант қосылған шай, қара бидай нань.) Бірінші болып қызмет көрсетушілерден «ИП Коваль» иесі Лада Владимировна сөз сөйледі. Ол кісі Облыс ұсынған, Аудан басшысы бекіткен 4 апталық ас мәзірі 1 сынып балаларына сағат 10:30 де тамақтануларына байланысты ас қазандарында қорыту процессіне ауыр тиетіне жөнінде айтты. Ол кісіні «ИП Бәйтерек» иесі Нейла Кенесовна қолдады. Қызмет көрсетушілердің 50% - ы бұл мәселені құптады, 50% – құптамады. Әлеуметтік педагогтар барлығы қарсы болды. Б.А.А. ауданының ЖОББМ – нің әлеуметтік педагогы Бакытжан Төлеухановна сөз

алды, ол кісі өз мектебінің оқушылары және ата-аналары осы ас мәзіріне үйреніп және де таңертең сабаққа келетін оқушылар сағат 10:30-11:00 қарны ашып барлық тағамдарды тауысып қоятынын айтты. Барлық әлеуметтік педагогтар қолдады. «ИП Утопбергенова» несі ас мәзіріндегі бейсенбі күні берілетін балық котлетасын, балықтан жасалған сорпаға ауыстыруын ұсынды. Барлық қызмет көрсетушілер және әлеуметтік педагогтар құптады, себебі аудан мектептерінің оқушыларының көбі балықтан жасалған котлетаны жемейді. «Ип Коваль» несі Лада Владимировна тағы бір мәселені қозғады Ақмола облысы бойынша мектептерде 1 мезгіл тамақтану бағасы (комплекс) 750 тг болып бекітілді, алайда мәзірде 6-10 жас аралығында тамақтанатын балаларға берілген тағам мөлшері 11-18 жас аралығындағы балалардың тағам мөлшеріне қарағанда аз. Осыған орай 6-10 жас аралығындағы балаларға тамақтану мөлшері (грамм) мен 11-18 жас аралығындағы балаларға тамақтану мөлшерін (грамм) біріктіруге ұсынды. Барлық қызмет көрсетушілер ол кісілердің биотехнологтары және әлеуметтік педагогтар келісті. Мемлекеттік сатып алу конкурсы бойынша «Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің» бас есепшісі Жумалин А.К сөз сөйледі. Конкурсе мәселелері бойынша сұрақтарға жауап берді.

Шешім:

1. Банан жемісі берілетін күні 3 аптаның сейсенбі күні, сәбізден жасалған салатты алып тастау. (себебі салатты балалар жемейді, жұмындағы тасталынады)
2. Әр аптаның бейсенбі күні балық котлетасын алып тастап (тауық етінен жасалған котлета ұсыну) және балық сорпасын енгізу.
3. Конкурсты жариялау кезінде өзгертілген және басшымен бекітілген 4 апталық перспективтік ас мәзірін ұсыну.
4. 6-10 жас аралығындағы балаларға тамақтану мөлшері (грамм) мен 11-18 жас аралығындағы балаларға тамақтану мөлшерін (грамм) біріктіруге шешілді.

**Хаттамамен таныстырылды:**

«Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің»

басшысы:

С. Исаков

«Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің»

бас есепшісі:

А. Жумалин

Жаппай біліммен қамту әдіскері:

А. Руспекова

Қызмет көрсетуші ИП «Коваль» несі:

Л. Коваль

Ы. Алтынсарин ЖОББМ әлеуметтік педагогы:

Б. Кожауова